















- қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілермен белгіленген талаптарды бұза отырып ресімделген құжаттарды орындаушыларға пысықтауға қайтаруға, анықталған кемшіліктерді жою жөнінде ұсынымдар беруге;

- құрылымдық бөлімшенің есептеу техникасымен және бағдарламалық қамтамасыз етумен жұмыс істеу формалары мен әдістерін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу.

5.4 ҚОТ бойынша оқу процесін жүргізуге тартылатын лауазымды тұлғалар (проректорлар және құрылымдық бөлімшелердің басшылары), сондай-ақ оқытушылар құрамы UNIVER АЖ ішінде ҚОТ қағидаларын бұзғаны үшін, тиісті пәндер бойынша бекітілетін кейстер, силлабустар, ЦБР және басқа да материалдар, қойылатын бағалар, түсініктемелер мен жеке хабарламалар, жүйенің ішіндегі құжаттар мен ақпараттың сақталуы үшін дербес жауапты болады.

5.5 Қашықтықтан оқыту элементтерін енгізу бойынша үйлестіру және жалпы басшылық академиялық мәселелер жөніндегі проректорға жүктеледі.

## 7 Қорытынды ережелер

ҚОТ осы ережелері «ҚарТУ» КЕ АҚ барлық құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына, ПОҚ және барлық кафедралары мен факультеттерінің қызметкерлеріне жұмыста міндетті түрде пайдалану үшін жеткізіледі.